



## БҰЙРЫҚ

*2023 жылғы 1 қыркүйек*  
Балқаш қаласы

## ПРИКАЗ

№ *47*

город Балхаш

### Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету және тамақтануды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының « 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарына білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білімберу ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы № 598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы № 235 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) Қарағанды облысының жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы № 411, 11 тамыз 2023 жылғы бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 3 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 1-11- сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

2. 2022 жылғы 1 қыркүйегінен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет



қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ұйымдастырылсын.

3. Ереженің 2-тарау 2- тармағының 22-тармақшасына сәйкес білім алушылардың жасына байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін. Перспективті мәзірді бекіту кезінде осы бұйрықтың 1, 2 қосымшаларға сәйкес 1-4 сыныптардың білім алушылары үшін және халықтың әлеуметтік осал топтарынан 1-11- сыныптардың білім алушылары үшін әзірленген ұсынылатын бірыңғай мәзір пайдаланылсын.

4. Мектеп-лицейдің тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

6. 2022 жылғы 1 қыркүйегінен бастап мектеп-лицей асханасының жұмысы ұйымдастырылсын.

7. Мектеп-лицей асхасында ата-аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

8. Асханадағы тамақтың сапасын, ас мәзірінің сәйкестігін, асхананың күнделікті тазалығын бақылау медбикеге жүктелсін.

9. 2023-2024 оқу жылына тегін тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың тізімі бекітілсін. (тізім 1, 2 қосымшада)

10. Оқушылардың тамақтану кестесі бекітіліп, тамақтану уақытын әр ауысымның екінші сабағынан кейін ұйымдастыруын қадағалау әлеуметтік педагог А.Т.Керейге жүктелсін.

11. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Б.Исаиноваға жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры  Токейбекова А.Т.

